

## Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы әскери полиция органдарының арнайы көлік құралдарының тізбесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 370 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 мамырда № 11136 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 4 мамырдағы № 381 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 04.05.2023 № 381 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Әскери полиция органдары туралы" 2005 жылғы 21 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы әскери полиция органдарының арнайы көлік құралдарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (Р.Ф. Жақсылықов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Р.Ф. Жақсылықовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр полиция  
генерал-лейтенанты

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2015 жылғы 17 сәуірдегі  
№ 370 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы әскери полиция органдарының арнайы көлік құралдарының тізбесі**

| р/с №  | К ө л і к<br>құралдарының түрі | Негізгі<br>тактикалық-техника<br>лық сипаттамалары   | Орнатылған арнайы<br>жабдық   | Қолдану саласы   |
|--|--------------------------------|--|---|--|
| 1. Әскери автомобильдік полицияның арнайы автомобильдері |                                |  |   |  |
| 1.1 Ілесіп алып жүру автомобилі                          |                                |  |   |  |
| 1.   | Жеңіл                          | Қозғалтқыш –<br>көлемі 3000 текше<br>см. аспайды;<br>трансмиссиясы –<br>автоматты,<br>механикалық;<br>екпін алуы 100 км/<br>сағ - 9 сек. аспайды.      | Бейнетіркеуіш,<br>радиостанция,<br>жарықты және<br>дыбысты<br>сигнализация,<br>арнайы<br>түсті-графикалық<br>сызбалар бойынша<br>бояу | Әскери лектердің<br>көлік құралдарын<br>ілесіп алып жүру |
| 2.   | Жол талғамайтын<br>автомобиль  | Қозғалтқыш –<br>көлемі 4000 текше<br>см. аспайды;<br>трансмиссиясы –<br>автоматты,<br>механикалық; екпін<br>алуы 100 км/сағ - 9<br>сек. аспайды.       |   |  |
| 3.   | Жеңіл                          | Қозғалтқыш –<br>көлемі 1600 текше<br>см. кем емес;<br>трансмиссиясы –<br>механикалық; екпін<br>алуы 100 км/сағ - 13<br>сек. аспайды.                   |   |  |
| 4.   | Жол талғамайтын<br>автомобиль  | Қозғалтқыш –<br>көлемі 2300 текше<br>см. кем емес;<br>трансмиссиясы –<br>автоматты,<br>механикалық;<br>екпін алуы 100 км/<br>сағ - 13 сек.<br>аспайды. |   |  |
| 5.   | Жүк                            | Қозғалтқыш -<br>бензинді, дизельді;<br>трансмиссиясы -<br>автоматты,<br>механикалық;<br>дөңгелек<br>формуласы - толық<br>жетекті                       |   |  |
| 1.2 Жылжымалы техникалық байқау пункті                   |                                |  |   |  |
|  |                                |  | Бақылау-диагностик<br>алық жабдық,<br>радиостанция,<br>жарықты және   | Міндетті<br>техникалық байқау                            |

|    |               |   |  |   |
|----|---------------|---|--|---|
| 6. | Шағын автобус | Қозғалтқыш – көлемі 2000 текше см. кем емес; трансмиссиясы – автоматты, механикалық | дыбысты сигнализация, бейнетіркеуіш, арнайы түсті - графикалық сызбалар бойынша бояу | өткізу кезінде көлік құралдарының техникалық жай - күйін диагностикалау |
|----|---------------|---|--|---|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК